

Амангелді орта мектебінің 1 сынып оқушыларымен жүргізілген жыл бойғы жұмыстар жөнінде қорытынды талдауы 2022 – 2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмыс жоспары бойынша тәрбиелік шаралар уақытында өткізілді.

Өткізілген шаралар уақытында жинақталып отырды. Барлық оқушылар өткізілген шараларға белсенділікпен қатысты.

2022-2023 оқу жылында 25 бүлдіршін 1 сынып табалдырығын аттады. Оның 15 ұл бала, 10 қыз бала. Оқушылар алғашқы білім күнін «Мектебім-мейірім мекенім» атты ашық тәрбие сағатымен бастады. Сынып оқушыларына бірдей үлгіде «Анвар» жеке серіктестік қожалығының басшысының «Мектепке жол акциясы» арқылы мектеп дорбасы сыйға тартылды. Сонымен қатар барлығына Әліппе оқулығы ұсынылды.

Классаға оқушылар ұжым ішінде ұйымшыл, әр оқушының қабілеттері әр түрлі берілген топтық тапсырмаларды өздерінің қабілеттеріне қарай орындап отырады. Кластың дәстүрлі мерекелері, күнтізбелік мерекелер, сыныптан тыс шараларға, үйірмелерге қатысады. Оқушыларды мектепке араласу мақсатында сынып белсенділері сайланып, өз жұмыстары жөнінде түсініктер беріліп отырды. Сынып белсенділері Ішкі істер секторы : Бекзатқызы Әмина, спорт және денсаулық секторы: Аманжолов Марат, Тастеміров Нұрәмір.

Қамқорлық секторы: Ақжолқызы Айшолпан, Тастеміров Аят, тазалық секторлары: Ерболқызы Диана Мұратов Ернұр, тәртіп секторы: Мұратов Ермахан, пресс секторы: Нұрбекқызы Нұрәсем, мәдени бос уақытты ұйымдастыру секторы: Сегізбай Әсемай, Ерболат Нұрасыл сайланды.

Сыныпта бірін-бірі тыңдайды, достық қарым – қатынас жасайды, класта кезекшілік міндеттерін атқарады.

Оқушылардың мектептегі үйірме жұмысына қатысуы жақсы. Мектеп жанынан ашылған математикалық үйірмеге сынып оқушыларынан Мұқанбетов Қажымұқан, Ерболат Ерасыл, Ерболат Нұрасыл, Ерболқызы Диана, Нұрбекқызы Нұрәсем, Бекзатқызы Әмина қатысады.

Үйірмеге уақытында қатысып отырады.

Оқушылардың кластағы және мектептігі өзін-өзі басқару ұйымына қатысуы және олардың ұйымдастырушылық деңгейіне келетін болсақ ұйымдастыру қабілеттері өте жақсы деуге болады. Берілген тапсырманы ақпараттық құралдардан, әлеуметтік желіден, кітапханаларға барып ізденеді. Жыл басында 1 сынып оқушыларының әлеуметтік паспорты жасалынды. Әлеуметтік жағдайына келсек 11-ы көпбалалы отбасы. 13 –і толық отбасынан 1-еуі толық емес отбасынан. 2 оқушы аз қамтылған отбасынан. 2 оқушы сәтсіз отбасы : Абзалұлы Амир, Айжарық Сезім .

Класс оқушыларының білім, білік және дағдысы деңгейі, олардың сабақ үлгеріміне келетін болсақ класта барлығы 25 оқушы бар. Оның 10 – ы қыз бала, 15-ы ұл бала. 1 сынып оқушылары баға шықпайтын болғандықтан оқушыларды ынталандыру мақсатында жыл соңында алғыс хаттар мен марапаттар ұсынылды.

Класс оқушылары себепсіз сабақтан қалмайды. Оқушылар класта, сабақтан тыс уақытта бір-біріне көмектеседі, мектепшілік, облыстық, республикалық олимпиадаларға қатысып отырады.

1 сынып жетекшісі : Бірімғалиев Әділбек Маратұлы